

"Салықтық және кедендік әкімшілендірудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 146 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 1346 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 31 желтоқсанда № 26284 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. Салықтық және кедендік әкімшілендірудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 146 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16450 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

""Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексіне (Салық кодексі) және "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес БҰЙЫРАМЫН :";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген қолданылатын салық салу режимі туралы хабарламаның нысаны осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің

2021 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 1346 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 8 ақпандағы
№ 146 бұйрығына
37-қосымша
Нысан

ҚОЛДАНЫЛАТЫН САЛЫҚ САЛУ РЕЖИМІ ТУРАЛЫ
ХАБАРЛАМА

1 бет

Назар аударыңыздар! ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшымен, БАСХАНАЛЫҚ БАС ӘРІПТЕРІМЕН толтырыңыз.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық Көдексі) 679-бабына сәйкес

1 Дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжаттыңда көрсетілген болса)
Тегі
Аты
Әкесінің аты

2 Занды тұлғаның атауы:

3 Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН)

4 Салық төлеушінің орналасқан орны

A Облыс/аудан

B Қала (ауыл, село)

C Көше (шағын аудан)

D Үйдің нөмірі E Пәтердің нөмірі (бөлменің, басқа ғимараттың)

хабарлаймын (ды):

1 – бөлім. Жаңадан құрылған заңды тұлғаның қолданатын салық салу режимі туралы ақпарат
(2- бөлім толтырылса, осы бөлім толтырылмайды)

Тандау туралы (тиісті төркөзде ☒ көрсетіңіз):

- A Оңайтылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі ☐
B Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимі ☐
C Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер және ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимі ☐
D Бөлшек салықтың арнаулы салық режимі ☐

2 бөлім. Салық төлеушінің салық салудың бір режимінен басқасына ауысуы туралы ақпарат
(1 бөлім толтырылса, осы бөлім толтырылмайды)

көшу туралы (тиісті төркөзде ☒ көрсетіңіз):

- A Патент негізіндегі арнаулы салық режиміне ☐
B Оңайтылған декларация негізіндегі арнаулы салық режиміне ☐
C Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режиміне ☐
D Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режиміне ☐
E Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер және ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режиміне ☐
F Жалпыға бірдей белгіленген тәртіпке ☐
G Бөлшек салықтың арнаулы салық режиміне ☐
H Арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режиміне ☐

себебі бойынша (тиісті төркөзде ☒ көрсетіңіз):

- A Өз еркімен қабылданған шешім ☐
B Арнаулы салық режимін қолдану шарттарына сәйкес келмеген кезде (осындай сәйкессіздік туындаған күн көрсетіледі) жылдан бастап
C Патенттің қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты сандармен күн, ай, жыл

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН)

**3 – бөлім. Салық салудың екінші режимін қолдану (тоқтату) туралы ақпарат
(осы бөлімді бірінғай жер салығының салық төлеушілері толтырады)**

Қолдау туралы (тиісті төркөзде ☒ көрсетіңіз):

- A** Патент негізіндегі арнаулы салық режимі ☐
- B** Оңайтылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі ☐
- C** Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимі ☐
- D** Арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимі ☐

Тоқтату туралы (тиісті төркөзде ☒ көрсетіңіз):

- A** Патент негізіндегі арнаулы салық режимі ☐
- B** Оңайтылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі ☐
- C** Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимі ☐
- D** Арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимі ☐

4- бөлім. Салық төлеушінің жауапкершілігі

Салық салу режимін таңдауды Салық кодексінде белгіленген қолдану шарттарына, сондай - ақ оны қолдануды бастау күніне сәйкес жүзеге асырдым (дық).

Мен (біз) осы Хабарламала көрсетілген мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы, сондай - ақ таңдалған салық салу режимі үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауапкершілікте боламын (боламыз).

(Шектеу сызығынан шықпаныз)

(Занды тұтамын басшысының / дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты жеке басым қуәландыратын құжаттыңда көрсетілген болса)

Қолы

Хабарламаның тапсырылған күні

Сандармен күн, ай, жыл

Мемлекеттік кірістер органының коды

Ескертпе: аббревиатураларды ашып жазу:

ЖСН/БСН – жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі.